

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Сот үкімі туралы" 2002 жылғы 15 тамыздағы N 19 нормативтік қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының 2006 жылғы 9 наурыздағы N 2 Нормативтік қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2018 жылғы 20 сәуірдегі № 4 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Жоғарғы Сотының 20.04.2018 № 4 нормативтік қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қылмыстық істі рақымшылық актісінің негізінде қысқарту туралы қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларын біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының "Сот үкімі туралы" 2002 жылғы 15 тамыздағы N 19 нормативтік қаулысының 8-тармағы мына редакцияда жазылсын:

"8. Соттың қылмыстық істі рақымшылық актісінің негізінде қысқартуы туралы мәселе, ҚІЖК-нің 301-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, сотталушы мен жәбірленушінің қатысуымен алдын ала тыңдау өткізіліп қаралуға жатады. Осы ретте рақымшылық актісін қолдануға кедергі келтіретін мән-жайлар болмаған жағдайда, сот істі қысқарту туралы қаулы шығарады, онда істі қысқартудың негіздемесі және сотталушының рақымшылық актісін қолданумен келісуі көрсетіледі. Келісу - сотталушының тағылған айыпты толық мойындауы деп есептеледі. Істі қысқарту туралы қаулы ҚІЖК-нің 307-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс және заттай дәлелдемелер туралы мәселені ҚІЖК-нің 121-бабының үшінші бөлігімен белгіленген тәртіпте шешуі керек.

Сотталушы өзін кінәлі емеспін деп есептеген жағдайда не жәбірленуші рақымшылық актісін қолдануға көпе-көрінеу кедергі келтіретін мән-жайларды (қылмысты дұрыс сараламау, сотталушының жеке басы туралы мәліметтердің шындыққа сәйкес келмеуі және т.б.) көрсетсе және соттың осы уәждерді тексеруіне өтініш білдірсе, сот басты сот талқылауын тағайындайды және өткізеді, бұл талқылау, негіз болған жағдайда кінәліге жаза тағайындаумен және осы жазаны өтеуден босату туралы айыптау үкімін шығарумен аяқталады.

Егер сот тергеуі барысында сотталушыға әлдеқайда ауыр айып тағу үшін істі қосымша тергеуге жіберу туралы жәбірленушінің өтінішін қанағаттандыруға

негіздер немесе рақымшылық актісін қолдану үшін кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар анықтамаса, онда сот істі рақымшылық актісіне байланысты ҚІЖК-нің 324-бабына сәйкес қысқартады.

Қылмыстық жолмен жиналған ақшалар мен өзге де құндылықтар, заңсыз кәсіпкерлікпен алынған және контрабандалық заттар - заттай дәлелдемелер ретінде танылған қылмыстық істер бойынша рақымшылық актісін қолдану туралы мәселе басты сот талқылауында шешіледі, себебі бұл заттар ҚІЖК-нің 121-бабы үшінші бөлігінің 4-тармағына сәйкес соттың үкімі бойынша мемлекеттің кірісіне алынуға жатады."

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы